



«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ

ЕРЕЖЕ

БЕКІТЕМІН

«Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті» КеАҚ
Басқарма төрағасы - ректор

С.Н.Идрисов

« 01 » 2024ж.






СТУДЕНТТЕРДІҢ ІШКІ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

№ 004

Атырау 2024 ж.

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ	Басылым: екінші
	Студенттердің ішкі тәртібі туралы Ереже	2 - бет, 8 беттен тұрады

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
Жасақтаған	Жастар саясаты департаменті директоры	Г. Саясат		18.01.2024
Келісілді	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	А.Е. Чукуров		18.01.2024
	Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор	Л.Е.Қойшығұлова		18.01.2024
	Сапа мониторингі кеңсесінің жетекшісі	Ж.Т.Кайшығұлова		18.01.2024
	Зангер	К.С.Куанов		18.01.2024

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ	Басылым: екінші
	Студенттердің ішкі тәртібі туралы Ереже	3 - бет, 8 беттен тұрады

Мазмұны

1	Жалпы ережелер	4
2	Қысқартулар	4
3	Нормативтік сілтемелер	4
4	Негізгі міндеті	4
5	Негізгі қызметі	4
6	Ұйымдық құрылымы	5
7	Құқығы	5
8	Жауапкершілігі	6
9	Қорытынды ережелер	6
10	Өзгерістер енгізу тәртібі	6
	Танысу парағы	7
	Өзгертулер мен қосымшаларды тіркеу парағы	8

1 Жалпы ережелері

- 1.1 Студенттердің ішкі тәртібі – бұл студенттердің қалыптасқан тәртіп нормалары, олардың әр қайсының оқу келісім шартында көрсетілген құқықтары мен міндеттері;
- 1.2 Студенттердің ішкі тәртібі ішкі еңбек ережелерімен анықталады;
- 1.3 Студенттердің ішкі тәртібі ережелері оқыту үдерісін нығайтуға бағытталған, оқыту уақытын кеңінен қолдау, оқыту процесінің сапасын арттыру;
- 1.4 Студенттердің ішкі тәртіп ережелеріне қатысты барлық сұрақтар әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректордың және оқу ісі жөніндегі проректордың оларға берілген құқықтары негізінде шешіледі;
- 1.5 Х.Досмұхамедов атындағы АУ-да білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау туралы Ереженің 32-тармағына сәйкес, оқу тәртібін бірнеше рет бұзғаны үшін: оның ішінде дәлелді себептерсіз сабақты босатқаны, сессияға келмей қалғаны, ақылы негізде оқу шартын орындамағаны және бұзғаны, моральдік іс-әрекеттер жасағаны, қоғамдық тәртіпті және студенттік жатақханада тұру ережелерін бұзғаны үшін студенттер университеттен шығарылуы мүмкін.

2 Қысқартулар

Осы ережеде төмендегі қысқарған сөздер қолданылады:

СМЖ – Сапа менеджмент жүйесі;

АМЖП - Академиялық мәселелер жөніндегі проректор;

ӘМЖЖСЖП - Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор;

СМК - Сапа мониторингі кеңсесі.

3 Нормативтік сілтемелер

- 3.1 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен;
- 3.2 Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заң;
- 3.3 Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарымен;
- 3.4 Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметінің мәселелерін реттейтін өзге де заңдармен және нормативтік құқықтық актілермен;
- 3.5 Ішкі нормативтік құжаттар.

4 Негізгі міндеті

- 4.1 Ішкі тәртіп ережелерін сақтау арқылы адамның азаматтық және құқықтық бағыттылығын, белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру
- 4.2 Жас адамның бойында адамгершілік тұрақты және рухани бай тұтас тұлғаның қасиеттерін тәрбиелеу
- 4.3 Жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін ұжымда қарым-қатынас құра білу және шығармашылық күш-жігерді біріктіру

5 Негізгі қызметі

- 5.1 Білім алушылардың өз ЖОО-ның тарихына және болашағына жауапкершілік сезімін қалыптастыруға ықпал ету;
- 5.2 Студенттердің ішкі тәртіптің барлық ережелерін орындау туралы хабардар болуы;
- 5.3 Мінез-құлқы үшін жеке жауапкершілік сезімін дамыту;
- 5.4 әр адамның қадір-қасиеті мен жеке басын құрметтеу;
- 5.5 жеке және кәсіби әлеуетті дамыту;

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ	Басылым: екінші
	Студенттердің ішкі тәртібі туралы Ереже	5 - бет, 8 беттен тұрады

- 6 Ұйымдық құрылымы**
- 6.1 Барлық ішкі тәртіп ережелерін сақтау үшін келесі схеманы ұстану керек: студент-куратор-кафедра меңгерушісі-декан-жетекшілік ететін проректор
- 6.2 Университет Жарғысының талаптарын орындауға және университеттің ішкі тәртіп Ережелерін сақтауға;
- 6.3 Университеттің білім беру бағдарламасының талаптарын орындауға белсенді, мақсатты түрде мамандандырылған білім мен біліктілікті игеру;
- 6.4 Оқуға жауапкершілікпен қарау, таңдаулы мамандандырылған салада жоғары білікті маман болуға талпыну;
- 6.5 Мамандандырылған этиканы меңгеру;
- 6.6 Университеттің қалыптасқан қағидаларын сақтау, Университеттің қоғамдық өміріне, ғылыми-зерттеу жұмыстарына, спорттық шараларға белсене араласу;
- 6.7 Оқу ақысын уақытылы төлеу;
- 6.8 Университет дәлізінің, аудиториялардың, оқу залының, асхананың, жатақхананың тазалығын және техникалық қауіпсіздікті сақтау;
- 6.9 Университет мүлкіне мұқият және ұқыпты қарау (оқулықтар, құрал-жабдықтар, мебельдер т.б.,) университет мүлкіне зиян келтірген жағдайда құрылған комиссия шешіміне сай қайтарылады;
- 6.10 Қатаң түрде студенттік киім үлгісін сақтау: классикалық киім үлгісі.
- 7 Құқығы**
- 7.1 Мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес білім алу және ғылымның, техника мен мәдениеттің заманауи даму деңгейіне барабар мамандықтарды дайындаудың таңдалған бағыты бойынша білім алуға;
- 7.2 Университеттегі оқу залдарын, абонементті, интернет ресурстарын, оқу бөлмелерін, лабораторияларды пайдалануға;
- 7.3 Қосымша және ақылы негіздегі білім беру қызметтерін алуға;
- 7.4 Академиялық демалыс беру ережесінің 1-бөлімінің 1.4-тармағына сәйкес күндізгі оқу нысанында оқитын студенттерге академиялық демалыс алуға;
- 7.5 Университеттің келісімімен жатақханадан орын алуға және ондағы тұрмыстық қызметтерді пайдалануға;
- 7.6 Университеттің қоғамдық өміріне, ғылыми-зерттеу жұмыстарына, мәдени-спорттық шараларына белсене араласуға;
- 7.7 Студент жастардың интеллектуалдық деңгейін көтеретін жаңашыл бастамаларға қатысуға;
- 7.8 Ескірген ережені ауыстыру және алып қою үшін СМК жауапты болады. Енгізілетін өзгерістер АМЖП рұқсатымен жүзеге асырылады және оның қолының қойылуымен құжатталып, бекітіледі. Түпнұсқа және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі Ережелерді жасақтау тәртібі талаптарына сай жүргізіледі
- 7.9 Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге Құрылымдық бөлімнің басшысы жауапкершілікте болады.
- 7.10 Ереже Құрылымдық бөлімнің басшысының қажеттілігіне қарай қаралады.
- 7.11 Студент жастар арасында халықаралық құқық пен гуманизмнің жалпыға танылған қағидаттарына қайшы келетін діни және өзге де идеяларды насихаттау және тарату; Университетте және оның аумағында темекі шегу, алкогольдік ішімдіктерді және өзге

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАК	Басылым: екінші
	Студенттердің ішкі тәртібі туралы Ереже	6 - бет, 8 беттен тұрады

де есірткі құралдарын пайдалану, бұл жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген шаралар қабылданатын болады

8 Жауапкершілігі

8.1 Бекітілген құжатты қызметкерлердің назарына жеткізгені үшін құжатты әзірлеушілер жауапты болады.

8.2 Ережені Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келісуді және таныстыруды Құрылымдық бөлімнің басшысы жүзеге асырады. Ескірген, күші жойылған ережелерді Сапа мониторингі кеңсесіне жасақтап және тапсыру үшін Құрылымдық бөлімнің басшысы жауапты болады.

9 Қорытынды ережелер

9.1 Осы Ереже Университет басшылығы бекіткен сәттен бастап күшіне енеді. Бекітілген Ереженің көшірмесін құрылымдық бөлімше басшысы Университеттің мүдделі қызметкерлеріне таныстыру парағына қол қойдыру арқылы таныстырады.

10 Өзгерістер енгізу тәртібі

10.1 Түпнұсқа мен есептік жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жауапкершілік ҚББ-ға жүктеледі.

Ережеге өзгерістер мен толықтыруларды енгізуді әзірлеуші жүзеге асырады — бұл жаңа құжатты әзірлеу, оны келісу және әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректордың рұқсатымен белгіленген тәртіппен бекіту арқылы ресімделеді. Ереже бекітілгеннен кейін түпнұсқа данасын әзірлеуші тіркеу және сақтау үшін СМК-ға тапсырады. Ескіруіне немесе күшін жоюына байланысты Ережелерді қайта өңдеуге және СМК-ға тапсыруға ҚББ жауап береді.

Жаңа нұсқадағы Ереженің бекітілуі жоғарыда аталған күшін жойған құжаттарды алып тастауға негіз болып табылады.

Күшін жойған құжаттарды СМК-дан алып тастау мен ауыстыруды Ережені әзірлеген құрылымдық бөлімше басшысы жүзеге асырады.

Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіз болуы мүмкін:

-заң күшіне ие нормативтік құқықтық актілерге енгізілген жаңа өзгерістер мен толықтырулар;

-Басқарма Төрағасы – ректордың бұйрықтары;

-құрылымдық бөлімшелер арасындағы міндеттерді қайта бөлу;

-құрылымдық бөлімшелерді қайта ұйымдастыру;

-ұйымның немесе құрылымдық бөлімшенің атауы өзгерген жағдайда.

